

Қобда аудандық Қоғамдық Кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ

Қобда ауылы

№6

2023 жылғы 26 қазан
сағ 10:00

Өткізілген орны: Аудан әкімі аппаратының кіші мәжіліс залы

Төрағалық етуші: Ж.З. Жиеналин – аудандық қоғамдық кеңес төрағасы

Кеңес хатшысы: А.Ж. Қабақбаева

Кеңес отырысына қатысқан кеңес мүшелері:

1. Кереймағамбетов Н.Қ. – «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қобда аудандық филиалының төрағасы
2. Ерғалиев Ж.Қ. – аудандық мәслихат төрағасы
3. Қылышбаева Б.Ж. – аудандық ішкі саясат бөлімі басшысының м.а.
4. Темірбай А.К. – кәсіби медиатор, зейнеткер
5. Кустуртова М.Н. – аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы

Кеңес отырысына қатыспаған кеңес мүшелері:

Ещанова Н.А. іссапарға кетуіне байланысты, Оразова А.А. сайлау жұмыстарымен ауылдық округтерге іссапарға кетуіне байланысты қатыса алмады.

Шақырылғандар:

Егізбаева А. – «QOBDA» аудандық газетінің тілшісі.

Күн тәртібі:

1. Аудан тұрғындарына көрсетілетін қызметтердің сапасы және атқарылған жұмыстар туралы (регламент – 5-7 минут)

Баяндамашылар:

Медетова Ғалия-бану Көшелекқызы – «Қазпошта» АҚ Қобда аудандық пошта торабының басшысы

Утешев Әнуар Әбуталыұлы – «Қазақтелеком» АҚ филиалы Қобда аудандық желілік техникалық цех басшысының орынбасары

Есенғұлов Тасболат Санақұлы – «Қобда Су» МКК инженері

Әбжанов Нұрбек Әнуарбекович – "ҚазТрансГазАймақ" АӨФ АҚ Қобда газ шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары.

2. Аудан көлемінде жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыссыздарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларын қамту туралы (регламент – 5-7 минут)

Баяндамашы:

Бегалиев Қуаныш Арыстанұлы – Қобда ауданының мансап орталығы басшысы.

Тыңдалды:

1. Аудан тұрғындарына көрсетілген қызметтердің сапасы және атқарылған жұмыстар туралы «Қазпошта» АҚ Қобда аудандық пошта торабының басшысы Ғ. Медетова баяндама жасады (баяндама қосымша тіркелді).

Сұрақ-жауап:

Кеңес мүшесі: Н. Кереймағанбетов:

- Зейнетақы алатын уақытта «Қазпошта» АҚ аудандық пошта торабының алдындағы банкомат үнемі жасамай қалады, соған қандай жұмыстар жүргізесіздер?

«Қазпошта» АҚ Қобда аудандық пошта торабының басшысы Ғ. Медетова:

- Әрқашан қадағалап отырамыз, алайда халық тарапынан салғырттық білдіртіп, банкі карталарын су түрінде немесе сынған картаны салғандықтан жасамай қалады. Алдағы уақытта жаңа банкомат аппаратын алу жоспарда жоқ, өзіміздің IT-мамандарымыз жөндеп отырады.

Төраға: Ж. Жиеналин:

- «Алтын ұрпақ» конкурсы кімдерге арналған?

«Қазпошта» АҚ Қобда аудандық пошта торабының басшысы Ғ. Медетова:

- «Қазпошта» АҚ Қобда аудандық поштасынан зейнетақы алатын зейнекерлерге арналған, яғни қазпошта төлем карточкасын пайдалана отырып дүкендерде төлем жасаса автоматты түрде конкурсқа қатыса алады.

Кеңес мүшесі Б. Қылышбаева:

- Газет-журналдар уақытылы жеткізіледі ме?

«Қазпошта» АҚ Қобда аудандық пошта торабының басшысы Ғ. Медетова:

- Уақытылы жіберіліп отырады.

Кеңес мүшесі Ж. Ерғалиев:

- Алыс шеткі ауылдарға, мысалы, Көк үй сияқты елді-мекендерге зейнетақыны кім тасымалдайды?

«Қазпошта» АҚ Қобда аудандық пошта торабының басшысы Ғ. Медетова:

- Инкассатор апарарды, соынмен қатар пошташы да бар.

2. Аудан тұрғындарына көрсетілген қызметтердің сапасы және атқарылған жұмыстар туралы «Қазақтелеком» АҚ филиалы Қобда аудандық желілік техникалық цех басшысының орынбасары Ә. Утешев баяндады (баяндама қосымша тіркелді).

Сұрақ-жауап:

Кеңес мүшесі Ж. Жиеналин:

- Жаңа қоныс ауданында қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

Қазақтелеком" АҚ филиалы Қобда аудандық желілік техникалық цех басшысының орынбасары Ә. Утешев:

- Байланыс жүргізу жұмыстары алдағы уақытта жоспарлануда.

3. Аудан тұрғындарына көрсетілген қызметтердің сапасы және атқарылған жұмыстар туралы «Қобда Су» МКК инженері Т. Есенғұлов баяндады (баяндама қосымша тіркелді).

Сұрақ-жауап:

Кеңес мүшесі М. Кустуртова:

- Сіздерде шығын көп те, кіріс аз, неге?

«Қобда Су» МКК инженері Т. Есенғұлов:

- Себебі, 1 текше метр суға төлейтін сома бар болғаны 70 теңге, сондықтан көп жиналмайды. Түскен кіріс аз болғандықтан еңбекақыға да, құрал-жабдықтарды жөндеуге де жетпейді. Мысалы: Қобда ауылында 1 500 абонент бар, ауылдарда 100-130 абонент бар. **Осы орайда ұсыныс айтқым келеді: әр абонент төлемақыны су есептегіш құралынсыз (без счетчика) 1 300,00 теңгеден төлейтін болса жақсы болар еді. Осы жағынан көмектессеңіздер.**

4. Аудан тұрғындарына көрсетілген қызметтердің сапасы және атқарылған жұмыстар туралы "ҚазТрансГазАймақ" АӨФ АҚ Қобда газ шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Н. Әбжанов баяндады (баяндама қосымша тіркелді).

Кеңес мүшесі Н. Кереймағанбетов:

- Газ шаруашылығы бөлімі бірнеше мекемеге бөлінеді ме?

ҚазТрансГазАймақ" АӨФ АҚ Қобда газ шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Н. Әбжанов:

- Иә, 3 бөлік бар. «Азия Интергаз» АҚ қызмет көрсетсе, «QazserviceGrup» ЖШС түбіртек жинап, таратады. Ал, газбен қамтамасыз ететін «ҚазТрансГазаймақ» акционерлік қоғамы.

Кеңес мүшесі Ж. Жиеналин:

- Ауданда жалпы газдың жіберілу қысымы қандай?

«ҚазТрансГазАймақ" АӨФ АҚ Қобда газ шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Н. Әбжанов:

- Газ 30 % пайдаланылуда, ал 70 % қорда (запас).

5. Аудан көлемінде жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыссыздарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларын қамту туралы Қобда ауданының мансап орталығы басшысы Қ. Бегалиев баяндады (баяндама қосымша тіркелді).

Кеңес мүшесі Н. Кереймағанбетов:

- Жұмыс жоспарларыңыз жылдың аяғына дейін орындалады ма?

Қобда ауданының мансап орталығы басшысы Қ. Бегалиев:

- Баяндамада көрсетілген бағдарламалар бойынша толық орындалмайды, себебі бізде арнайы база болғандықтан, артық жаза алмаймыз. Нақты ақпаратты іс жүзінде көрсетеміз. Ол жөнінде хаттар да жазылды.

Төраға



Ж. Жиеналин

Хатшы

А. Қабақбаева

Ведущий специалист
с. Кобда

Я думаю выборы акимом политическими мером страны. От связи с этим сейчас народ имеет возможность. Аким района это не просто высокая должность. Все 4 кандидата которые выдвинули себя о том работы. Надеюсь народ выберет своего акима который знаком проблемами мектебидинцев в 5 ноября идти на выборы и отдал

ХАЛЫҚ ӨЗ ӘКІМІН ӨЗІ ТАҢДАЙДЫ

Жанат
Қобда өнер мектебі

Жуырда болатын аудан өкімінің сайлауы жария өткен саяси реформаның жарқын кезінде демократиялық басқару жүйесінің көңінен бастағанының белгісі. Аудан өкімінің қызмет халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты әділ де адал, білікті әрі іскер азамат аудан б

ЛАЙЫҚ КАНДИДАТ

Амангос Қоңырбаев,
Қобда аудандық мәс

Осы аптада аудан
лық болып, аудан өкі
бул саяси жаңалықты

Осыған дейін Президент жарлығына сай төрдің өкімдерін халықтың тікелей сайлай берімізде сайлау қанағатқақты режимде отлығы да тәжірибелі, білімді, өкім болуға лай таңдауын жасайды деген ойдамын. Барлық өз дауыстарын беруге шақырамын.



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

көрлікті дамытудың ұлттық жобасының 10 айда орындалуы туралы баяндады. Баяндамалардан соң кеңес мүшелері қаралған мәселелерді талқылай отырып, өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Ауыз су мәселесіндегі оңтайлы шешімі табылмай жатқан тұстары алға тартылды. Халыққа қызмет көрсету орталығы пошта торабының жұмысына оның ішінде банкоматтың жұмысы, газеттің уақытылы таратылуы туралы пікірлерін жеткізді.

Кеңес мүшелері тарапынан айтылған сын-ескертпелерді растаған кеңес төрағасы Жұмағазы Зайырұлы сабақтап, айтылған ұсыныс-пікірлер бойынша тиісті басшылық орындарға ұсынылатынын және орындалуы бақылауда болатынын білдірді.

Анаргүл ЕПЗБАЕВА.

Екінші мәселе бойынша «Қазақтелеком» АҚ филиалы Қобда аудандық желілік техникалық цех басшысының орынбасары Әнуар Утешов 2023 жылы атқарылған жұмыстар жөнінде есебі және алдағы уақытта жоспарланып отырған істері туралы баяндады.

Қоғамдық кеңесте «Қобда су» коммуналдық кәсіпорнының инженері Тасболат Есенғұловтың Еңбек қатынастарын реттеу мақсатында атқарылған жұмыстары да тыңдалды.

Төртінші мәселе болып, «ҚазТрансГазАймақ» Қобда газ шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Нұрбек Әбжановтың 2023 жылы атқарылған жұмыстар туралы баяндамасы тыңдалды.

Қобда ауданының мансап орталығы басшысы Қуаныш Бегалиев болса, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіп-

Билікке халықтың үнін естіретін қоғамдық кеңестердің күн арта маңызымен бірге қуырет шеңбері де кеңейіп келеді.

Апта басында аудан өкімдігін атқарушы билік пен өкілетті биліктің қоғамдық кеңес алдындағы есебін тыңдау жөніндегі кеңес отырысы болып өтті. Отырысты аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Жұмағазы Жиеналин ашып, кеңестің күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Аталған жиынға қоғамдық кеңестің мүшелері, БАҚ өкілдері, бірқатар мекеме басшылары қатысты. Кеңеске бес мәселе езек болды.

Алдымен «Қазпошта» АҚ Қобда аудандық пошта торабының басшысы Ғалиябану Медетованың пошта байланыс торабының атқарылып жатқан жұмыстары туралы баяндамасы тыңдалды.

